

Досымбекова Р.О.

PhD докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: rauan-d@mail.ru

**ҚЫТАЙ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТІНДЕГІ «ЕКІ»
САНЫ ЖӘНЕ ЖҰПТЫҚ СЕМАНТИКА**

Бұл мақалада қытай лингвомәдениетіндегі «екі» санының ұлттық-мәдени аспектісін қазақ тілімен салғастыра талдай отырып, екі халық мәдениетіндегі ұқсастықпен бірге ұлттық дүниетанымы да сараланады. «Екі» санына қатысты белгілі лингвист ғалымдар мен Ресей қытайтанушыларының тұжырымдары айтылады. Қазіргі қытай халқының этномәдениетіндегі түрлі этикеттік бірліктері туралы және «екі» санымен байланысты тұрақты сөз тіркестер мен теңеулерге көптеген мысалдар келтірілді.

Түйін сөздер: екі, иньян, этика, символ, мәдениет.

Dossymbekova R.O.

PhD, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: rauan-d@mail.ru

The number «two» and dual concepts in Chinese linguoculturology

This article analyzes the national-cultural aspect of the number «two» in the Chinese linguoculture by comparative analysis in Kazakh language, as well as the national outlook and similarity in cultures of both countries. Also, some of the known linguistic scientists and Russian sinologists give their determinations to the number «two». There are many examples of the number «two» concerning phraseological expressions and equations related to the various etiquette units of the modern Chinese people's ethnoculture.

Key words: two, Yin yang, ethics, symbol, culture.

Досымбекова Р.О.

PhD, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,
e-mail: rauan-d@mail.ru

Цифра «два» и дуальные концепты в китайской лингвокультурологии

В данной статье рассматриваются сходства в культуре и мировоззрении двух стран путем сопоставительного анализа национально-культурного аспекта цифры «два». А также в статье приведены научные выводы зарубежных ученых-лингвистов касательно определения цифры «два». Даны наглядные примеры об единицах этикета современной этнокультуры китайского народа и фразеологические выражения, связанные с цифрой «два».

Ключевые слова: два, иньян, этика, символ, культура.

Кіріспе

Адамзат баласының даму жолындағы үлкен жетістіктерінің бірі – сандардың пайда болуы. Алғашқы адамдар өз ойларын, әрекеттерін ыммен, қимыл-қозғалыспен білдіріп, қоршаған ортадағы әртүрлі дыбыстарды меңгеру арқылы сөзді шығарды. Уақыт өткен сайын адамдардың

материалдық тұрмыс жағдайларының өзгеруіне байланысты олардың дүниетанымы да өзгеріске ұшырап отырған. Адамдар бір-бірімен қарым-қатынас жасап, қолдарындағы заттармен айырбас жасасқан. Сол себепті адам санасында санау қалыптасып, сандардың алғашқы белгілері пайда болды. Мысалы, бір санының алғашқы мағынасы «бір қол» немесе «оң қол» болған.

Демек алғашқы қауым адамдары сан ұғымын өздеріне таныс заттар арқылы қабылдап, бірте-бірте саусақпен санауды шығарды. Сандардың ерте замандарда қандай дәрежеде болғандығын әртүрлі халықтардың тілдерінде сақталып келе жатқан көне аңыз-әңгімелердегі кездесетін сөздерден байқауға болады. Мысалы, қытай тілінде «екі» ежелгі қытайлықтардың дүниетанымын, наным-сенімін ырымшылдығын тек табиғат құбылыстарын түсіндіруге тырысқан аңыз-әңгімелермен ғана емес, оларды сан сияқты абстрактілі түсініктерден де көруге болады.

Негізгі бөлім

Ежелгі қытайлықтар барлық сандардың құпия мағынасы, таным-түсінігі бар деп есептегендіктен, сол қасиетті саналған сандарды бал ашу, алдын ала болжау, наным-сенім сияқты мәселелерде ырымдап қолданатын болған. Мәселен, ертедегі қытай мәдениетіне байланысты кейбір деректерде «бір» саны бақытсыздық әкеледі, «үш» саны ғаламдық үштікті, яғни аспан, жер және адам, сонымен қатар үш жарық көзі бар. Олар: күн, ай, жұлдыз, үш қарым-қатынас: билеуші, әке мен бала, күйеуі мен әйелі арасындағы байланыс сияқты мағыналарды білдірген. Ал «бес» саны бақыттылық сипатымен бірге және бес элементі – жер, су, от, ағаш, металды білдірді. Қытай тілінде «тоғыз» санының дыбысы мәңгілікті білдіретін 久 (jiu) иереоглифімен бейнеленгендіктен императордың сүйікті санына айналған. Осыған орай патша сарайының есіктегі шегелері көлденең тоғыз, тігінен тоғыз қатар қағылатын болған. Сарай баспалдақтарындағы сатылардың да саны «тоғыз», «он сегіз», «жиырма жеті», «сексен бір» санды болып «тоғыз» санының еселенген мөлшерімен сәйкес келеді (催枢华, 2003:106-107).

Қытай және қазақ халықтарының танымында ұлттық-мәдени сипатқа ие болған «бір», «үш», «жеті», «сегіз», «тоғыз», «қырық» және тағы да басқа киелі сандар бар. Бұл екі халықтың мәдениетіне терең бойлап, әлемдік өркениетте өз орны бар осы бір сандардың халық санасына киелілік мәнімен енген. Қасиеттілік сипатымен әбден сіңісіп алғандығы баршаға белгілі. Киелі деп таныған сандардың қасиеттілігін бағалаумен қатар, оларды тіпті қатты қадірлеп, құрметті ұғымдардың орнына пайдалануды үрдіске айналдырған.

Қытай тіліндегі «екі» санының ұлттық-мәдени аспектісі

Қытай халқының аңыз, ертегі, жыр, дастандарынан киелі сандардың сырын, ұғымын,

олардың халық дүниетанымындағы алатын орнын нақты мысалдар арқылы дәлелдеуге болады. Сол арқылы көне замандағы қытай халқының наным-сенімі мен дүниетанымын ашып көрсету қиындық туғызбайды.

Қытай тіліндегі сандардың ұлттық-мәдени аспектісін қазақ тілімен салғастыра талдай отырып, екі халықтың мәдениетіндегі ұқсастықпен бірге материалдық мәдениетіне сай өзгеше ұлттық дүниетанымын да көруге болады.

Қытай тіліндегі «екі» санының танымдық сипаты мен маңызын талдауға тырысып көрейік. Қытай тіліндегі «екі» саны қосылудың, толықтырудың символы болып табылады. Дао ілімінің ұғымында жер мен аспан, адамзат ұрпағын жалғастыратын еркек пен әйелдің киелі одағы, ақ пен қара, жарық пен қараңғылық, күн мен түн, жер шарының тепе-теңдігін сақтап тұратын екі энергия: «инь» мен «янь» ұғымдарын білдіреді. Өсу мен дамудың белгісі, 12-лік цикл бойынша өсіп келе жатқан ұрпақ болып саналады және ол Юпитердің басқаруында болады. Қытай ұлты «екі» санын бамбук ағашына теңейді. Өйткені, оның өсу жылдамдығы өте тез, қолданылу аясы кең, «оңай» сөзінің омонимі ретінде жұмсалады.

Белгілі лингвист И.А. Бодуэн де Куртенэ тілдік ойлау жүйесінде «екі» санына ерекше маңыз береді. Ол «екі» санының «бір» санынан кейінгі есептік жүйенің қалыптасуы мен математиканың дамуына негіз болған деген пікір білдіреді. Оның тұжырымдауы бойынша «бір» туралы түсінікпен ғана шектеліп тұрған кезде тілдегі есептік ойлау туралы сөз де болмас еді. «Екі» саны пайда болғаннан кейін ғана ғылымда есеп, арифметика ілімдері пайда болды. Сондықтан тіл білімінде екі санының екілік, жұптық қарама-қарсылық түсінікті қалыптастырудағы маңызы жоғары екенін алға тартады. Бұл өз кезегінде кейбір тілдердегі жекеше, көпше түрлермен қатар екілік түр деген грамматикалық категорияның пайда болуына негіз болды (Бодуэн де Куртенэ И.А. 1963:315).

Енді әртүрлі тілдік топқа жататын қазақ және қытай тілдеріндегі тақ және жұп антиномияларының лингвомәдени интерпретациясы мәселелеріне тоқталайық.

Қазақ тіл мәдениетіндегі «екі» саны және жұптық семантикада екі сөзі екі, екеу, екілік, жұп, егіз сияқты мағыналарға ие болады. Түсіндірме сөздікте екі сөзінің сандық, есептік және жұптық мағыналары берілген. Бастапқы екі мағынасы барлық сандарға қатысты болса, жұптық егіз мағынасы тек қана «екі» санына тиесілі. «Екі» таңбасының сандық мәні жұп-

тық, екі еселену, жарылу, айрылу сияқты болып келеді. Жалпы түркологияда түркі сан есімдерінің табиғаты әртүрлі түсіндіріліп, түркі тілдерінің тарихи көріністеріне аса үлкен мән беріледі. «Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология» (1988) деп аталатын іргелі зерттеу еңбегінде белгілі түрколог ғалымдардың түркі сандарының табиғаты жөнінде ғылыми пікірлері мен көзқарастары қамтылған. Дегенмен, олардың бәрін нақтылықтан гөрі болжамға жақын деген пікірлер басым. Өйткені сандар әлемі табиғаты күрделі әрі басқа тілдік қабаттарға әсері мол жүйе. Осыдан сандардың абстрактылық, семиотикалық болмысының күрделілігі көрінеді. Сондықтан да санның этимологиясын нақты зат есімнен немесе етістіктен шығара салуға болмайды.

«Екі» санының этимологиясы жайында айтар болсақ, онда «ікі», «әкі», «екі», «ікіз», «екіз», «ікіре», «ікінті», «екінті», «пек», «һек», «ер», т.б. қатарларды санамалап шығуға болады. Жалпы зерттеуші ғалымдардың пікірінше «екі» сөзінің алғашқы нұсқасы – «ікі». Бірақ «екінің» этимологиясы ашылмай қалған. Ал, «екі» санының көне түркі жазуындағы көрінісі – В таңбасымен беріледі. Оқылуы – к, атауы екі (Абақан Е., 1999:141-142).

«Екі» санының халық ауыз әдебиетінде және әдеби тілдегі қолданыстарына және мағыналық қырын сөз етер болсақ, көбінесе «екі» сөзінің жағымсыз да, жағымды да мағыналарда қолданылатынын байқаймыз. Мысалы, «екі жүзді», «бөліну», діни мағынада жұмсалатын «серік қосу» деген сөздерде жағымсыз мағынада қолданылады. Сондай-ақ, «Қайта шапқан жау жаман» деген тіркестің мағынасы жаудың екінші айналып келіп шапқаны туралы айтылып отыр. Демек, мұнда екіншілік мағына бар деп ұғуға болады. Ал, «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды», «егіз», «біреуден екеу жақсы», «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады» деген қатарда жағымды мағынада қолданылатынын байқаймыз (Қалиев С., 1994:178). Сонымен түркі тілінде, соның ішінде қазақ тілінде «екі» сөзінің қызметі мен мағыналық сипаты бірыңғай еместігіне көз жеткіздік. Бір жағынан, екеу болу, яғни егіз болу екі еселену мағынасында қолданылады, ал діни таным тұрғысынан «серік қосу», айрылу, бөліну, екі сөйлеу сияқты мағынада теріс, жағымсыз қызметінде қолданылады деп тұжырымдауға болады.

Қытай тілдік мәдениетіндегі «екі» санының жұптық семантикасы да көп мағыналы болып

келеді. Бір жағынан алғанда ол екі еселенуді, яғни математикалық амалдағы бір көбейту екі тең екі дегенмен астасып жатса, екінші жағынан, ұқсас заттардың, элементтердің қосылуын, бірігуін білдіріп математикалық амалдағы $1+1=2$ мәніне ие болатынын, яғни жұптық мағынаны көреміз.

Дәстүрлі қытай мәдениетінде сандардың символикасы (таңбасы), тылсым сыры және тұрақты тіркестегі қолданылу ерекшеліктері мен ұқсастықтары жағынан айырмашылығы бар (Васильев Л.С., 1983: 58). Екілік және симметриялық тенденцияға бейімділігі қытай халқының бүкіл тыныс-тіршілігінен көрініс береді. Қытай тіліндегі «екі» саны – 二(er) деп дыбысталады. Осыған орай қытайлар «好事成双» (hao shi cheng shuang) фразеологизмін жиі қолданады. Тікелей аударғанда: «Жұп болу – жақсы іс».

Ғалымдардың «екі» саны туралы тұжырымдары

Қытай мәдениетін зерттеген ғалым Ю.Г. Смертин ежелгі қытайдың кеңістік пен уақыт құрылымын саралай келе оның симметриялық принцип пен қытай магиялық текшесіне (китайский магический квадрат) негізделген деп тұжырым жасайды (Смертин Ю.Г., 1999:51-54).

Қазіргі қытай халқының этномәдениетіндегі түрлі этикеттік бірліктері нумерологиялық бағдарға бағытталған. Осыған байланысты қытайлар мейрам кездері бір-біріне сыйлықтар бергенді ұнатады. Бірақ, олардың бір ерекшелігі сыйлықты жұп қылып беруге тырысады. Мысалы, екі қорап конфет, екі торт, алты шабдалы, екі шөлмек шарап және т.б. Егер кімде кім бір торт алған болса, ондай адамды «Ол – екі жүз елу» дейді, яғни ақымақ, тәрбиесіз, ұлттық дәстүрді білмейтін адам дегенді білдіреді. Ал, екі жүз елу деген Қытайша-орысша сөздікте *остолоп*, *болван* мағынасында айтылады (现代汉语词典. 2004: 229). Ал той болып жатқан үйдің есігіне мынадай иероглифті 喜 (xǐ) жазып қоятын ғұрпы бар. Бұл қуаныш, қуану, жақсы көру мағынасын білдіреді. Бұл иероглиф қытайлықтардың үйлену тойларындағы тұрақты дәстүрге айналған және міндетті түрде қызыл түсті әрі жұп болады. Сонымен қатар олар тойдың күнін көп жағдайда жұп күндеріне белгілейді. Атап айтқанда, айдың 2, 12, 22 күндеріне белгілегенді дұрыс санайды. Себебі, «екі» саны тоғысу, жұптасу, бірігу, отбасылық өмірді бастағандар үшін бақыттылық идеясын білдіреді. Жаңа үйленіп жатқан

жастарға да табысталатын сыйлықтар екі-екіден жұп болып келеді. Сондай-ақ, табысталатын сыйлықтарда ою-өрнектер, кестелер болатын болса, олар да екеуден болуы шарт. Әсіресе, қытай мәдениетінде судағы лотос гүлінің бейнесін салу кең үрдіске айналған. Мұны олар «мандарин үйректері» (мандаринские утки) деп атайды.

Қытайдың мәдениеттанушы ғалымдары «мандарин үйректерін» ерлі-зайыптылардың мәңгілік поэтикалық символы ретінде бағалайды. Қытайша-орысша сөздікте бұл тіркес «бақытты», «нәзік», «тату-тәтті ерлі-зайыптылар» деп түсіндіріледі (现代汉语词典). Қытайлықтардың символы айдаһар жануары десек, қытайтанушы ғалым Ю.Г. Смертин қытай поэзиясындағы ғашықтардың дәстүрлі белгісі ретінде феникс құсын атайды. Қытай халқының дәстүрлі символикасында лотос гүлі (易初莲花) – бұл кемел адамның символы. Олардың дүниетанымы бойынша кемел адамды лай-батпақтан тап-таза болып өсіп шыққан лотос гүлімен теңестіреді (Смертин Ю.Г., 1999:57-65). Сонымен бірге қытайлықтардың қонақ күту салтында да жұп санның ерекше қасиеті көрініс береді. Мәселен, қонақта дастарқанға шақырғанда тамақтың түрлерінің саны жұп болуы тиіс. Олардың дастарқанындағы тамақтар ешқашанда үш, бес, жеті, тоғыз сияқты тақ сандардан болмауы керек. Мереке күндері олар, әдетте, сегіз тамақпен қатар бір сорпа береді немесе он тамақтың түрі және бір сорпа. Сорпа жеке тамақ болып есептелмейді. Егер дастархан басында қонақ тамақ жейтін таяқшасының бірін түсіріп алса, үй иесі оған басқа бір жұп таяқша әкеліп береді. Бұл қонаққа деген ілтипатты білдіреді. Сонымен қатар дәстүр бойынша қытайлықтар шарап ішкенде де жұп қылып ішеді. Әсіресе, мұндай салт ауылдық жерлерде қатты сақталған.

Қытай халқының этикеттік нормаларды қатаң сақтау дәстүрін зерттеушілер конфуцийлік мәдениетпен байланыстырады. Соның нәтижесінде ол этикет нормалары әрбір адамның күнделікті өміріне сіңіп кеткен (Васильев Л.С., 1983:75). Этика және әлеуметтік саясат саласындағы әдет-ғұрыптық, салттық жолды сақтаушылық эстетикалық сферада да көрініс береді. Мысал ретінде қытайлық жазушылардың көркем шығармаларындағы тараулардың да саны жұп болып келетінін айтуға болады. Қытайдың атақты романдары: «水浒传» (Shui hu zhuan) – 100 тарау, «西游记 (Xi you ji) – 100 тарау, «三国演义» (San guo yan yi) – 120 тарау, «红楼梦 (Hong lou meng) – 120 тарау, «东周列国» (Dong zhou lie guo) – 108 тарау. Қазіргі қытай мәде-

ниетін оның ішінде сандық жүйелерге қатысты зерттеуші ғалымдар қытай нумерологиясында тақ және жұп сандардың қайсысының рөлі жоғары не төмен екенін айыру өте қиын мәселе деп тұжырымдайды. Ресейлік қытайтанушы ғалым А.И. Кобзев бұл жайында саралай отырып, «как правило, реализуется на двух коррелирующих уровнях: явном – в виде его оснащения определенным набором числовых обозначений и неявном – в виде его количественной и структурной организации, соответствующей заранее заданным символическим числам» (Кобзев А.И., 1983:106) деп тұжырым жасайды.

Қытайлықтардың жұп сандарға қатысты танымдары атақты «易经» (Yijing) атты жинағында да атап өтіледі. Бұл кітап 64 символдан тұрады. Оның әрқайсысы өмірдегі түрлі жағдайларға байланысты белгіленген. Ал символдардың әрбірі алты белгіден тұрады. Бұл белгілер аталған жағдайлардың дамуының кезекті сатыларын білдіреді (常雁, 2002). Осы жерде, мысал ретінде, мереке күндеріндегі үйлердің есігіне жазу жазатын дәстүрді айтуға болады. Бұл қытай көркем мәдениетіндегі салт қытайдың көнеден бүгінге дейін жалғасып келе жатыр. Солтүстік Сун династиясының (960-1127 жж.) бір ақыны жаңа жылдың алдында өзінің есігіне мынадай жазуды іліп қойғандығы айтылады:

南北	нан бэй	
一 六	2	6
二 七	3	7
三 八	4	8
四 九	5	9

Бұл жазудағы «南» бұл оңтүстік, «北» – солтүстік, ал шығыс пен батыс атаулары жоқ. Қытай тілінде «Шығыс және Батыс» сөздері «东西» (зат) сөзімен бірдей дыбысталады. Берілген «2. 3. 4. 5» бірінші сандық қатарда айтылуы «衣» (киім) болып дыбысталатын «1» саны жоқ. Бұл омофондар, яғни дыбысталуы бірдей, жазылуы әртүрлі сөздер. Екінші «6. 7. 8. 9» сандары жазылған қатарда «10» саны жоқ. Ал, «10» санының дыбысталуы «食» (тағам) болып табылады. Сондықтан бұл да омофон болып танылады. Қытай тілінде омофондардың өте кең таралуы оның тілдік ерекшеліктерінің бірі екені белгілі. Ол ауызекі тілде де, жазба тілде де жиі қолданылады.

Ақынның бұл жердегі айтайын деген ойын зерттеушілер былай деп жорамалдайды: «Тіпті мереке күндерінде халықтың ішерге асы, киер-

ге киімі жоқтығына қапаланғанын көрсеткісі келген, әрі сол арқылы билікті астарлы сөзбен сынағаны деп түсіну керек» дейді (Смертин Ю.Г., 1999:34).

Қытай классикалық поэзиясының көптеген шығармаларындағы өмірдегі қуаныштар мен керемет дүниелер туралы идеялар сараланып отырған жұптық түсінікпен тікелей байланысты. Мысал ретінде белгілі Таң династиясы кезінде өмір сүрген атақты қытай ақыны Ду Фудың (712-770 жж.) төмендегі өлең жолдарын келтіруге болады.

迟日江山丽, Көктем келіп, бар табиғат құлпырған,
春风花草香 Майда самал жұпар иісті шалады.
泥融飞燕子 Үй маңайлап ұя жасап қос қарлығаш ұшады,
沙暖睡鸳鸯 Таяз суда үйректер де мүлгиді.
(Васильев Л.С., 1979: 326).

Мұндағы жұптық сөзі қос қарлығаш жайында болып отырған сияқты. Жалпы қытайлықтар жұптық дүниеге үлкен мән беруі көне конфуцийлік ілімнен бері келе жатқан дәстүр секілді. Адамзат табиғатындағы жұптық (дуализм) қарым-қатынастан шығатын сенім болуы мүмкін. Бұл рухани және материалдық «рухтың» болмыстың бар болу түсінігінен туындаған философиялық таным деп ойлаймыз. Жоғарыда атап өткен, Қытай мәдениетінде әлем жаратылысының екі бастамасы: «Инь» және «ян» деп аталатын дүниетанымды да осыған жатқызуға болады. «Инь» мен «ян» екеуі бірінсіз бірі өмір сүре алмайды. Екеуі мәңгі бірге. Екеуі бірігіп бір бүтін дүниені құрайды. Демек, бұл дуализм бір-бірін бағынышты ету үшін соғысушы емес, қайта бірін-бірі толықтыратын, өзара үйлесім табатын жұптық таным деп түсінеміз. Белгілі қытайтанушы ғалым Л.С. Васильев бұл жайында мынадай пікір білдіреді: (Васильев Л.С., 1979:426). Бұл үйлесімділік табиғатта құйма ретінде көрініс береді. Қытайлардағы тақ сандар – бұл «ян», яғни аспан, күн, белсенділік, ерлік, өзгермейтін; ал жұп сандар – бұл «инь», яғни жер, ай, әлсіздік, әйелдік, құбылмалылық. Мысалы, заттар мен құбылыстардың күнге қараған жақтары – бұл «ян» (таудың күнгей беті, үйдің оңтүстік жақ қабырғасы), ал теріскей жағы «инь» деп аталады. Демек, күн сәулесі түсетін жақ әрқашанда жылы, ыстық болады. Бұл – «ян». Керісінше, күн түспейтін теріскей жақ үнемі суық болады. Ол – «инь». Мәселен, адам жүргенде, қозғалғанда

денесі жылынады. Демек, қозғалыс әрекеті – бұл «ян», ал тыныштық – бұл «инь». Белгілі ғалым Ю.Г. Смертиннің пікірінше «инь мен ян» барлық жағынан пропорциялы болып келеді. Бір-бірімен кезектесіп ауысып отырады. Мәселен, жылы маусымның орнына суық маусымның келуі, күн мен түннің ауысуы, күн мен ай және т.б. мысалдарды келтіре беруге болады (Смертин Ю.Г., 1999:49).

Сан мәдениетіндегі «Иньян» қызметі және тұрақты сөз тіркестер

Қытай мәдениетіндегі «инь» мен «янның» бір-біріне қарама-қарсы қойылу тенденциясы дәстүрлі қытай медицинасында да үлкен орын алған. Бұл «инь» мен «янның» тепе-теңдігін бойына дарытқан адамның денсаулығы мықты болады. Егер адам денесінде «инь» көбірек байқалып, «ян» әлсіз болса, онда ол адам суыққа төзімсіз, тоңғақ, суық тиюден қорқатын, өңі бозарып немесе түнеріп тұрады, тілі ағарып, қан-сөлсіз кейіпте болады. Ал, адам денесінде «ян» басым болып, «инь» әлсіз болса, онда адам үнемі ыстықтап жүреді, беті қызарып, шөл қысады және тілі сарғыш тартып, іші қату зардабын тартады. Тамақ пен дәрі-дәрмек те «инь» және «ян» болып екіге бөлінеді. Егер олар адамды сергітіп, ширататын болса, онда «ян» басым болғаны, ал адамды босаңсытып, сабырға шақыратын болса, онда «инь» басым болғаны деп түсіндіріледі. Мәселен, оңтүстікте орналасқан Гуанчжоу қаласының халқы «суық шәй» ішуді жақсы көреді. Бұл шәйді әдейі суыту дегенді білдірмейді, олар негізінде ыстық шәй ішеді, бірақ «инь» элементі басым хризантема, тұт ағашының жапырақтары сияқты шөптерді қосып ішеді. Бұл өсімдіктер адам ағзасын салқындатады және ыстық күнде адамның жанын сергітіп, жеңілдік сыйлайды. Ал солтүстік аймақта керісінше, жылу беретін тағамдарды жиі қолданады, яғни сиыр, қой еттері «яндік» тағамдар қатарына жатады.

«Екі» саны Қытай мәдениетінде өзіне тән ерекшеліктері бар. Бұл сан арқылы аспан мен жер екіге бөлу символы ретінде қарайды. Қытай мәдениетінде адамдар жұп сандарды өте жақсы көрген. Осыған қатысты айтылған мынадай сөздер бар: «二龙戏石» (Екі айдаһар бір тас ойнаған), «二泉月影» (Екі құдықта бір айдың сәулесі) т.б. Егер бұл сөздерді өзгертіп, *бір айдаһар бір тас ойнады, бір айдың сәулесі бір құдықта* дер болсақ, ондағы бұл сөздің ешқандай қызығы болмай қалады.

Екі санының кілтін зер салсақ, екі бір-бірімен қиылыспайтын, параллель сызылған екі сы-

зық. Бұл екі сызықты әлем екіге бөлінген, аспан және жер, олар өзара қиылыспайды деп «二» (er) санындағы екі сызықты аспан мен жердің символы ретінде қарастырады. Ал қытай тілінде екімен байланысты айтылған сөздер өте көп, мысалы: «екі үй», «二 家» (er jia) бұл сөз көне дәуірде кең қолданыста болған. Оның мағынасы кіші әйелдің үйі, яғни тоқалдың үйі (司马云杰 绵延论, 2003:45).

«二老» (er lao), «Екі қарт» бұл сөз де көне дәуірде кең қолданылған. Әсіресе Конфуций дәуірінде, оның мағынасы ата-анаға деген құрметті атау болып саналған. «二仪» (er yi), «Екі әлем» ол – аспан және жер. Қытай халқы екі санын жақсы көреді, әрі бұл санды «жуық» сан деп есептеп, әрқашанда жақсы іс жұбымен болады деп білген.

«Екі» санымен «үш» саны және «сегіз» саны бірге келгенде, онда олардың дыбыстық оқылуына байланысты өте жақсы мағына білдіреді. Егер кім телефон нөмірін осылай алғысы келсе, онда шынымен бақытқа кенеледі деп санаған. Ал бұл сияқты нөмірлерге қол жеткізу өте қиын, әдетте мұндай нөмірлер ашық түрде сатылады, егер осындай нөмірге қол жеткізгің келсе, онда ақша жұмсайсың.

Қытай тіліндегі сөз тіркестерінде «екімен» бірге келетін сөздер де өте көп. Егер екімен сөз құрағысы келсе, адамдар үнемі екі атақты адамды бірге қойып сөз құрайды, ал «үш» саны мен «төрт» саны бұлай болмайды.

Адамдар телефон номерін, үйленетін күнін, сағатын белгілегенде, үнемі «алты», «сегіз», санынан тыс «екі» санын да көп таңдайды. Егер телефон номерінің ең соңында «бір», «екі», «үш» сандары тұрса онда сөзсіз «екі» санын таңдайды.

Бұл негізінен Гонконгтықтардың сөзінен шыққан, олар «екі» деген санды оқығанда «易» (yi), *оңай* деген сөздегі оңаймен жақын оқиды. Сондықтан «екі» мен «үш» бірге келгенде «易生» (yi sheng) *оңай өмір* деген мағынаны білдіреді. «Екі» саны мен «сегіз» саны бірге келгенде «易发» (yifa) *оңай баю*, ал, 23 пен 28 бірге келгенде оның мағынасы «易生易发» (yisheng yifa) *өмірің жеңіл болып, оңай бай бол* дегенді білдіреді. Егер кімде кім телефон нөмірін осылай алғысы келсе, онда шынымен *бақытқа кенелу* деп санаған (12).

Қытай тіліндегі сөз тіркестерінде екімен бірге келетін сөздер де өте көп.

Мысалы: «二龙» (er long), *Екі айдаһар* – Шығыс Хан дәуіріндегі Chu Zhao мен Chu Zhao. Ол екеуі білімді, мықты адамдар болған, сондықтан оларды *Екі айдаһар* деп атаған. «二老»

(er lao), *Екі қария* Wo Yi мен Lu Shan осы екі үлкен кісіні атаған, кейін келе бұл сөз тіркесін жасы үлкен екі кісіні айту үшін қолданылатын болған.

«二宋» (er song) *екі сұң* бұл екі адамның фамилиясы бірдей болғанда, екі сұң деп атаған. Бұл Сұң дәуіріндегі көп адамдарды атау белгісі т.б.

Қытай халқы екі санын бір жұп деп білген, мысалы: «一双筷子» (yi suang kuaizi) *бір жұп сақбы*, «一双鞋» (yi shuang xie) *бір жұп аяқ киім*, «一双脚» (yi shuang jiao) *екі аяқ*, «一双袜子» (yi shuang wazi) *бір жұп шұлық*, «一双眼睛» (yi shuan yan jing) *қос жанар*, «一双手» (yi shuang shou) *екі қол*, «一双手套» (yi shuang shou tao) *бір жұп қолғап*, «一双眉» (yi shuang mei) *жұп қас*, «一双肩» (yi shuang jian) *қос иық*, «一双星» (yi shuangxing) *бір жұп жұлдыз*, «一双鱼» (yi shuang yu) *қос балық*, «一双鸟» (yi shuang niao) *жұп құс*, «一双鹅» (yi shuang e) *жұп тырна*, «一对枕头» (yi dui zhen tou) *қос жастық*, т.б. Бұлардың бәрі бір-бірімен үлкен кішілігі бірдей, түсі де бірдей, бірі-бірінен ажырамайтын нәрселер, саны жұп болатын заттарға қаратылып айтылған. Егерде екі санының орнына бір санын қойсақ, онда олардың беретін мағынасы да өзгереді. Мысалы: *бір аяқ*, *бір қол*, *бір көз* десе, енді біреуі қайда деп адамдар ойлауы мүмкін бұл адамның денсаулығы нашар, яғни ауру, мүгедек екен деп, тіпті театрдағы қойылымдарда да болсын, кинода болсын жағымсыз кейіпкерлердің рөлін дене мүшесінің біреуі кем болып ойнайды. Мысалы: *көзі соқыр*, *бір қолы жоқ*, *бір аяғы жоқ* кейіпкер ретінде бейнеленеді. Сондықтан екі санының орнына бір санын алмастырып қоюға болмайды. Сондықтанда адамдар жұп санды және жұп нәрселерді жақсы көреді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, қытай лингвомәдениетіндегі екілік, жұптық сипаттардың тақ сандық маңызбен қатынасын қазақ лингвомәдениетімен салғастыра саралай келе, онда тақтық сипатқа қарағанда жұптық сипаттың басымдыққа ие екенін пайымдадық. Қазақ тілдік мәдениетінде жұп пен тақ сандардың арасалмағына аса мән берілмесе, қытай дүниетанымы бойынша жұптық дүниелерге ерекше мән бергенін байқауға болады. Қытай мен қазақ халықтарында жалпы шығыстық таным-түсінікке жататын ортақтық бар секілді. Демек, ежелден аралас-құралас келе жатқан көрші жатқан екі елдің дүниетанымында,

философиясында, мәдениетінде мұндай жақындықтың барлығын табиғи заңдылық деп қарауға болады. Сандардың сырын қазақ халқының да қытай халқының да ұғымында қалыптасқан көне мәдениет құбылысы деп айтуға болады. Бұл

құбылыстың екі халықта да байқалуын ежелден көрші халықтардың бір-біріне тигізген әсерімен қатар әр халықтың өзіндік дүниетанымынан туындаған ортақ сәйкестік деп қарастыруды жөн санаймыз.

Әдебиеттер

- 催枢华。汉字起于「一」论。北京师范大学学报。- 2003。- №5。- 页 107-108。
 Бодуэн де Куртенэ И.А. Избранные труды по общему языкознанию. - М., 1963. - Т.2. - 392 с.
 Абақан Е. Тілдің мәдени философиясы: монография. - Алматы: «Айкос», 1999. - 184 б.
 Қалиев С., Оразов М., Смайлова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. - Алматы, 1994. - 222 б.
 Васильев Л.С. История религий Востока (религиозно-культурные традиции и общество): учеб. пособие для вузов по спец. «История». - М.: Высш. шк., 1983. - 368 с.
 Смертин Ю.Г. Китайская классическая поэзия в контексте языка, истории и культуры: учеб. монография. - Краснодар: Кубан. гос. ун-т, 1999. - 402 с.
 现代汉语词典. - 上海: 华东师范大学出版社, 2004 年. - 2500 页。
 Кобзев А.И. Учение о символах и числах в китайской классической философии. - М.: Наука-ВЛ, 1994. - 432 с.
 常雁。硬汉数字词语文化内涵的比较研究。哈尔滨学院学报。- 2002。- №2。- 页 78-79。
 Васильев Л.С., Фурман Д.Е. Культы, религии, традиции в Китае. - М.: «Наука», 1970. - 484 с.
 司马云杰绵延论: 关于中国文化绵延之理的研究. - 陕西: 人民出版社, 2003 年. - 599 页。
<http://www.51lunwen.net/hanyuyan.com>. 孙新爱. 汉语中的数字文化. -2012.

References

- Cui Shuhua. Hanzhi qiyu «yi» lun. Beijingshifandaxuexuebao. - 2003. - №5. - ye. 107-108.
 Boduen De Kurtene I.A. Izbrannyye trudy po obshemu yazykaznaniyu. - M., 1963. - T.2. - 392 s.
 Abakan E. Tilding madeni filosofiyasy: monografiya. - Almaty: «Aikos», 1999. - 184 b.
 Kaliev S., Orazov M., Smailova M. Kazakh halkynyng salt-dasturleri. - Almaty, 1994. - 222 b.
 Vasilev L.S. Istoriya religii Vostoka (religiozno-kulturnyye traditsii i obshestvo): ucheb. Posobie dly vuzov po.spez. «Istoriya». - M.: Vyssh, shk. 1983. - 368 s.
 Smertin U.G. Kitaiskaya klassicheskaya poeziya v kontekste yazyka, istorii i kultury: ucheb. monografiya. - Krasnodar : Kuban. gos. university, 1999. - 402 s.
 Xian dai han yu ci dian. - Shanghai: Huadong shifan daxue chubanshe, 2004 nian. - 2500 页。
 Kobzev A. I. Uchenie o simbolah i chislah v kitaiskoi klassicheskoi filosofii. - M.: Nauka- VL, 1994. - 432 s.
 Chang Yan. Ying han shu zi ciyu wenhua neihan de bijiao yanjiu. Harbin xueyuan xuebao. - 2002. - №2. - ye 78-79.
 Vasilev L.S, Furman D.E. Kulty, religii, traditsii v Kitae. - M., «Nauka», 1970. - 484 s.
 Simayunjiemianyanlun: guanyuzhongguowenhuamianyanzhilideyanjiu. - Shanxi: renminchubanshe, 2003 nian. - 599 ye.
<http://www.51lunwen.net/hanyuyan.com>. Sun Xinai. Hanyu zhong de shuzi wenhua. - 2012.